**Бекітемін:**
**Меңгеруші: Шалабаева Ж.С.**
**Білім беру ұйымы:** Милы бастауыш білім беретін мектебі

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 9-10 қаңтар 2024-2025жыл

Қаңтар айы:Құндылық–заң және тәртіп

**Апта дәйексөздері** «Талап бар жерде тәртіп бар»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі 09.01 | Жұма 10.01 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | | | | **Күй күмбірі:**<br>**«Бозінген»**<br>Баланың бүгінгі көңіл күйі туралы сұрау | **Күй күмбірі:**<br>**«Бозінген»**<br>Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | | | | **Ата-аналармен әңгіме:**Балаларға суды үнемді тұтыну жайлы ақпарат беруін сұрау | **Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)** | | | | **"Қысқы табиғат құбылыстары".**<br><br>Қысқы ауа райы туралы әңгіме.<br><br>Суреттермен жұмыс (қар, мұз, ағаштар)<br>(Танымдық іс-әрекет)<br>Қардың суретін саусақпен немесе мақтамен салу<br>( Шығармашылық «с-әрекет) | Тақырыбы: "Аңдардың қыстағы тіршілігі".<br><br>Әңгіме: "Аю неге ұйықтайды?"<br>Жануарлардың қысқы қорғану тәсілдері.<br>(Танымдық іс-әрекет)<br>Ермексазбен мүсіндеу: "Қоянның іздері".<br>( Шығармашылық «с-әрекет) |
| **Ертеңгілік жаттығу** | | | | I. Бір саппен тұру. Денені тік ұстау.<br>Аяқтың ұшымен жүру,<br>қол жоғарыда.Өкшемен жүру, қол белде.<br>Жүгіру.Үш топқа бөлініп тұру.<br>II 1. Б.қ. Тік тұру, қол белде.Қолды екі жанынан жоғары көтеру.<br>Созылу,орнына келу. 5рет.<br>2. Б.қ. Аяқ иық деңгейінде. Қол артта.1 – қол екі жаққа созу,<br>2 – оңға иілу, қолды жоғары созу. 3 – тік тұру, қолды екі жаққа созу. 4 – орнына келу. Сол жаққа қайталау 4 –5 рет.<br>3.Б.қ қолымызды алдымызға ұстап қайшылаймыз 4 – 5 рет<br>4. Б.қ. Аяқ алшақ,қолды екі жаққа созу. | I.Сапта екі – екіден жүру. Денені тік ұстау. Тәрбиешінің белгісі бойынша «тырна» дегенде бір аяқты жоғары көтеріп тұру. «Қоян» дегенде, қос аяқтап алға секіру. Жүгіру, үш сапқа тұру.<br>II 1. Б.қ. Аяқ алшақ,кубик оң қо лда. 1 – қолды екі жаққа созу.<br>2 – қол алға, кубикті сол қолға ауыстыру. 3 – қолды екі жаққа созу. 4- орнына келу. 5 рет.<br>2. Б.қ. Аяқ алшақ, кубик оң қолда.1 – алға еңкею, кубикті аяқ арасына қою. 2 – орнына келу,қол белде,3-алға еңкейіп кубикті сол қолмен алу, 4-орнына келу. 5-6 рет<br>3. Б.қ.. Аяқ алшақ,кубик оң қолда,кубик түсірулі, 1 – отыру, қолды алға созып,сол |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Бір,екі терең отырып,тізені құшақтау,басты түсіру.үш,төрт орнына келу.5-6<br>5. Б.қ аяғымыз сәл ашамыз оң қолымызды сол аяққа тигіземіз, сол қолымызды оң жаққа тигіземіз б.қ келу 5-6 рет<br>6.Б.қ. Тік тұру ,қол белде. Орнында қос аяқтап секіру. 7-8 рет<br>III. Бір саппен жүріп, терең демалу.<br>«Шар үру» уф – уф – уф | қолға кубикті ауыстыру. 2 – тұру.<br>Сол қолмен қайталау. 5 – 6 рет.<br>4. Б.қ. Аяқ алшақ, кубик оң қолда.1- қолды екі жанға созу.2-қол артта,кубикті сол қолға ауыстыру.3-қолды екі жанға созу.4-орнынан келу. 5-6 рет.<br>5. Б.қ. Аяқ алшақ,кубикті еденге қою,айналып секіру. 5-6 рет.<br>III. Саппен жай жүру. Қолымызды екі жанға созып,терең демалып жоғары көтеріп демді шығарып төмен түсіру.<br>Уф-уф-уф |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | | | | «Қайырлы күн!»<br>Жарқырап күн де ашылады,<br>Айналаға нұр шашылады.<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!<br>Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз! | Күніміз ашық болсын!<br>Түніміз тыныш болсын!<br>Ауамыз таза болсын!<br>Суымыз мөлдір болсын! |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | | | | **Сөйлеуді дамыту**<br>Ақсақ құлан<br>**Мақсаты:** Халық ауыз әдебиетіне қызығушылығын ояту.<br>**Міндеті:** Сөздерді түрлендіруге сыни көзқарасын және қызығушылықты,дұрыс сөйлей білуге деген ұмтылысты тәрбиелеу<br>**«Құлан қандай жануар?»** Құлан туралы қысқаша мәлімет беру<br>Ертегіні әңгімелеу:<br>«Ақсақ құлан» ертегісін қысқаша мазмұндау<br>Құланның патшаның баласына не істегенін және домбыра арқылы хабар жеткізудің маңызын түсіндіру<br>**Ойын: «Кім айтты?»**<br>Мақсаты:Кейіпкерлердің сөзін педагог оқиды,балалар қай кейіпкердің сөзі екендігін табуы керек<br>**"Ханның бұйрығы" ойыны**<br>Мақсаты: Қимыл-қозғалыс арқылы балалардың белсенділігін арттыру.<br>Өту барысы: | **Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Әлем жануарлары<br>**Мақсаты:** Әлем жануарлары туралы балалардың білімін кеңейту.<br>**Міндеті:** Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша табиғи-климаттық аймақтар(ақ аю, итбалық,пингвин,жираф,піл,маймыл)бойынша топтастыру.<br>Әлемнің әртүрлі аймақтарында әртүрлі жануарлар мекендейтінін түсіндіру:<br>Африкада: арыстан, жираф, зебра.<br>Арктикада: ақ аю, морж.<br>Ормандарда: піл, маймыл.<br>Далада: қасқыр, түлкі.<br>Балалардан сұрау:<br>"Сендерге қандай жануарлар ұнайды?" |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Мұғалім "хан" рөлінде бұйрық береді, мысалы:<br>"Барлығы құландай секірсін!"<br>"Домбырашы сияқты қолдарын қимылдатсын!"<br>Балалар бұйрықты орындайды. Егер бұйрық "Хан айтты!" деп басталмаса, балалар қимыл жасамауы керек.<br>**"Ертегі құрастырайық" ойыны**<br>Мақсаты: Балалардың қиялын және сөйлеу дағдыларын дамыту.<br>Өту барысы:<br>Мұғалім ертегінің бастапқы сөйлемін айтады:<br>"Ертеде бір хан болыпты, оның жалғыз ұлы бар екен..."<br>Балалар кезекпен ертегіні жалғастырады, бірақ өз ойларын қосып жаңа оқиға құрастырады.<br>**Математика негіздері**<br>10 көлемінде тура және кері санау<br>**Мақсаты:** 10 көлемінде тура және кері санауды жаттықтыру, санды цифрмен сәйкестендіру дағдыларын жетілдіру<br>**Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру<br>**Ойын жаттығуы «Санқа тұр!».**Балалар 1-ден 10-ға дейінгі сандары бар карточкаларды алады (10 адамнан тұратын топтар). Педагогтің нұсқауымен балалар қатарға тұрады, реттік санауды ұйымдастырады: бірінші, екінші ... т.б. Одан кейін кері бағытта санауды ұсынуға болады. Кез келген саннан бастап санауды ұсынуға болады. Мысалы, 5-тен 10-ға дейін.<br>**Дәптермен жұмыс.**<br>**1-тапсырма.** Түлкі баспалдақпен көтеріледі. Онымен бірге сана.<br>Түлкі төмен түседі. Кері сана.<br>Суретті қара.Баспалдақта қанша | "Жануарлар қайда өмір сүреді деп ойлайсыңдар?"<br>1. Жануарлар туралы әңгімелеу:<br>Әр жануардың суретін көрсету және сипаттау:<br>Арыстан – "жануарлардың патшасы", Африкада тұрады.<br>Ақ аю – Арктикада мұз үстінде жүреді, ақ түсті.<br>Жираф – әлемдегі ең ұзын жануар, мойны ұзын.<br>Піл – үлкен құлақты, ұзын тұмсығы бар, ормандарда өмір сүреді.<br>2. Сурет бойынша әңгіме құрастыру:<br>Балалардан суретке қарап, сол жануар туралы не білетінін сұрау.<br>"Бұл жануар қайда өмір сүреді?"<br>3. Ойын: "Бұл қай жануар?"<br>Мұғалім жануарды сипаттайды, балалар оның атын табады.<br>Мысалы "Мен ұзын мойныммен ағаш жапырақтарын жеймін." (Жауап: жираф)<br>"Менің жүнім ақ, мен мұзда өмір сүремін." (Жауап: ақ аю)<br>Сұрақ-жауап:<br>"Қандай жануарлар туралы білдіңдер?"<br>"Жануарларға қалай көмектесуге болады?"<br>Балаларға қорытынды ой: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сатыбар?Әрі қарай,1-ден10-ға дейінгі цифр салынған карточкалар орналастырылады. Кері санауды ұсынады.<br>**2-тапсырма.**Әуешарларын ретімен сызып қос.Кері сана.<br>**3-тапсырма жұптық жұмыс.**Баспалдақ кірпіштерін тиісті түспен боя.10-нан1-гедейін кері сана.<br>Баспалдақ кірпіштерін қажетті түске боя.10-нан1-ге дейін кері тәртіпте сана.<br>**«Жұп таңда»ойын жаттығуы.**<br>Қияр – көгөніс. Түймедақ – ... (гүл) Педагог–мектеп.Дәрігер–...(емхана) Үстел – дастарқан. Еден -... (үй, кілем)Таң–таңғыас.Кеш–...(кешкіас,серуен) Күз – жаңбыр. Қыс – ... (қар)<br>**4-тапсырма.**Қалай ойлайсың,сол жақтағы суретпен не жұптасуы мүмкін? Белгіле.<br>**Қазақ тілі**<br>Қыстап қалған құстар<br>**Мақсаты:** Құстарды қорғау және оларға қамқор болу қажеттілігін үйрету.<br>**Міндеті:** Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру<br>**Балаларға сұрақтар қою:**<br>Қыста қандай құстарды көрдіңдер?<br>Құстар неге қыста ұшып кетпейді?<br>Құстарға қыста не қажет деп ойлайсыңдар?<br>**"Құстар қалай ұшады?" ойыны**<br>Мақсаты: Қимыл-қозғалыс арқылы балалардың дене белсенділігін арттыру.<br>Өту барысы:<br>Мұғалім құстардың атын атайды, ал балалар құстардың қалай ұшатынын қимылмен көрсетеді:<br>Торғай – тез-тез қанат қағады. | "Жануарлар біз сияқты табиғаттың бір бөлігі. Біз оларды қорғауымыз керек."<br>5. Шығармашылық тапсырма: Жануардың суретін салу:<br>Балаларға әлемнің белгілі бір жануарының суретін салуды ұсыну.Мысал: арыстан, піл, ақ аю.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>Біз нені үйрендік, нені білдік?<br>**Мақсаты:** Сөзді буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; берілген дыбысқа сөз құрай алуға жаттықтыру.<br>**Міндеті:** Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету<br>**«Қарама-қарсы іс-әрекетті айт»ойыны**<br>Үміт жылады, Іңкәр...*(жыламады)*<br>Марат үндемей отыр,Танат...отыр.*(шулап)*<br>Ардақ жазып отыр,Асыл...*(жазбай отыр)*<br>Қыздар биледі,ұлдар... *(билемеді)*<br>Ақтөс үрді,Құтжол...*(үрмеді)*<br>**Жұмыс дәптерімен жұмыс**<br>1.Суреттерді ата.Сөздерді буынға бөл.<br>2.Дыбыстық талдау жаса<br>3.Қозымен құлыншақты бастыр<br>4.Үзік сызықтарды бастыр,жалғастыр.<br>**Шығармашылық іс-әрекет**<br>Аңдар<br>**Мақсаты:** Аңдар туралы мәлімет беру<br>**Сурет салу/**<br>**Міндеті:** - Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Қарға – баяу ұшады.<br>Сауысқан – секіріп жүреді.<br>3. **«Құстарға көмек" ойыны**<br>Мақсаты: Балалардың ойлау және шешім қабылдау дағдыларын дамыту.<br>Өту барысы:<br>Мұғалім сұрақтар қояды:<br>"Құстарға қыста қандай көмек көрсете аламыз?"<br>"Жемсауытқа қандай тағам салуға болады?"<br>Балалар дұрыс жауап беру арқылы құстарға көмектесудің жолдарын атайды.<br>**«Суықтан қорғаймыз» ойын -жаттығуы**<br>Мақсаты: Балалардың қиялын және табиғатқа қамқорлық сезімін дамыту.<br>Өту барысы:<br>Мұғалім сұрақ қояды:<br>"Құстар қыста тоңып қалмас үшін не істеу керек?"<br>Балалар өз идеяларын айтады: ұя жасау, жемсауыт дайындау, су мен жем беру.<br>Мұғалім олардың жауаптарын қолдап, талқылайды.<br>**Музыка**<br>«Қыс қызығы» әні: И.Нүсіпбаев,сөзі Е.Өтетілеуов.<br>**Мақсаты:** Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.<br><br>**Міндеті:** Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.<br><br>**Музыка тыңдау:**<br>«Вальс»(С.Майкапар)<br>***Әнайту:***<br>«Қыс қызығы»(И.Нүсіпбаев)<br>«Ақшақар»(К. Қуатбаев) | фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.<br>**Жапсыру/**<br>**Міндеті** Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.<br>**Мүсіндеу/**<br>**Міндеті :** Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.<br>**Құрастыру**<br>**Міндеті** Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша кию үшін қайшыны қолдану<br>**Балаларға сұрақтар қою:**<br>"Аңдар қайда өмір сүреді?"<br>"Қандай аңдарды білесіңдер?"<br>**Әңгіме:**<br>Орман жануарлары (аю, қасқыр, түлкі, тиін).<br>Дала жануарлары (қоян, елік, борсық).<br>**Әр жануардың ерекшеліктерін түсіндіру:**<br>Аю – ірі, қыста ұйықтайды.<br>Қоян – секіргіш, түбіті ақ.<br>Түлкі – айлакер, жүні қызыл.<br>**1. Аңдардың суретін салу:**<br>Балаларға белгілі бір аңның суретін салуды ұсыныңыз.<br>Мысал: қоян, аю немесе түлкі.<br>Мұғалім салу әдісін көрсетеді (дөңгелек пішіндер арқылы сурет салу).<br>**2. Мүсіндеу:**<br>Балшық немесе пластилин арқылы аңдарды мүсіндеу:<br>Қоянның ұзын құлақтары, түлкінің ұзын құйрығы.<br>**3. Жапсыру және құрастыру жасау:**<br>Түрлі-түсті қағаздан аңдардың дене бөліктерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>«Аюлар биі»(Е.Тиличеева)<br>**Билер:**«Испан биі»<br>(«Билеп үйренейік»жинағынан)<br>**Ойындар,хороводтар:**<br>«Төмен жәнежоғары дыбыстар» ойыны<br>**Музыкалық аспаптао йнау:**<br>«Полька»(А. Филиппенко) | қиып, аппликация жасау.<br>Мысал:<br>Аюдың басы – қоңыр дөңгелек, құлақтары – кіші дөңгелектер.<br>Қоянның денесі – сопақша, құлақтары – ұзын қағаз қиындысы.<br>**Шығармашылық жұмыстарды талдау:**<br>Балалардың жасаған жұмыстарын қарап, мадақтау.<br>**Дене шынықтыру**<br>Жаттығулар<br>**Мақсаты:** Жаттығу түрлерін жасауды меңгеру<br>**Міндеті:** Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.Түзу бағытта адымдап жүру.Жұбымен шеңбер бойымен жүру<br>**1. Жалпы дамыту жаттығулары:**<br>**1. Бас жаттығулары:**<br>Баспен оңға-солға бұрылу, жоғары-төмен иілу.<br>**2. Қол жаттығулары:**<br>Қолдарды алға, артқа айналдыру.<br>Қолдарын жоғары көтеріп, төмен түсіру.<br>**3. Дене жаттығулары:**<br>Денені оңға, солға бұру.<br>Алға еңкею, арқаны түзу ұстау.<br>**4. Аяқ жаттығулары:**<br>Бір орында секіру.<br>Тізені жоғары көтеріп жүру.<br>**2. Қимыл-қозғалыс ойыны: "Кім жылдам?"**<br>Балалар белгіленген жерге дейін жүгіреді.<br>Белгі бойынша тоқтап, жаттығуды орындайды (секіру, отырып-тұру).<br>**3. Кедергілерден өту:**<br>Балалар кедергілерді айналып, астынан еңбектеп немесе үстінен секіріп өтеді.<br>**4. Эстафеталық ойын:**<br>Балалар топқа бөлініп, жарысады.<br>Тапсырма: допты қақпаға тигізу немесе шеңбердің ішіне лақтыру.<br>**Қорытынды бөлім** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 1. Босаңсыту жаттығулары:<br>Балалар жерге отырып немесе жатып, терең дем алып, баяу дем шығарады.<br>"Біз тынышпыз, біз мықтымыз!"<br>2. Сабақты қорытындылау:<br>"Жаттығу арқылы денемізді шымыр етеміз. Бүгінгі жаттығулар сендерге ұнады ма?"<br>Балаларды мадақтау. |
| **Серуенге дайындық** | | | | Балалардың ауа райына сәйкес киінгенін тексеру (қолғап, бас киім, жылы аяқ киім). Жеке киімдерін дұрыс киюіне көмектесу. | Балалардың ауа райына сәйкес киінгенін тексеру (қолғап, бас киім, жылы аяқ киім). Жеке киімдерін дұрыс киюіне көмектесу. |
| **Серуен** | | | | **Серуен №1**<br>**Суықторғайды бақылау**<br>**Мақсаты:**<br>• Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру;<br>• Салыстыру, талдау, қортынды жасай білу туралы білімдерін толықтыру.<br>**Бақылау барысы**<br>**Көркемсөз А. Меңдібай**<br>Қарағай мен шыршаның<br>Суықтан дені тоңып тұр.<br>Бұл не ғажап қарасаң,<br>Қайыңда алма өсіп тұр!<br>Жақын келіп қарасам,<br>Көзіме өзім сенбедім-<br>Алқызыл болып көрінген,<br>Әнші құсы орманның<br>Суық торғай сен бе едің?<br>**Тәрбиеші жұмбақ жасырады:**<br>Айналаны қар басса да,<br>Суықтан еш тоңбайды.<br>Құс екенін бұл қандай,<br>Қане, кім болжайды?<br>Кеудесі қызыл әсем-ақ,<br>• Суықторғайдың кеудесінің түсі қандай? (ашық қызыл)<br>• Суықторғайлар жазда, көктемде, күзде қайда өмір сүреді? (қалың | **Серуен №2**<br>**Боранды күнді бақылау**<br>**Мақсаты**: *желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру.*<br>**Бақылау барысы**<br>**Тәрбиеші жұмбақ жасырады:**<br>Жерді тырнап, бұтаны ырғап,<br>Шөпті сипап, ұшады зырлап,<br>Жанын қинап, ұлиды зарлап. (боран)<br>**Көркем сөз «Ақ боран» Ә. Табылды**<br>Ақ көрпесін жапты да, Ақ боран-ау, ақ боран,<br>Аяз кенет аптыға, Алай-түлей соқ боран.<br>Айналаны үрледі, Ақ қар ұшып үйрілсін,<br>Ақ бораны гуледі. Ауламызға үйілсін.<br>Жас ұланмын шыныққан,<br>Жасқанбаймын суықтан.<br>Қардан жасап аққала,<br>Сырғанаймын шаттана.<br>**Тәрбиеші сұрақтары:**<br>Қалай ойлайсыңдар, боран дегеніміз не? (қатты соққан желдің әсерінен ұшқан қардың бір-біріне араласуы)<br>Мұқият қараңдаршы қар не жағдайға ұшырап жатыр? (қарлар желдің бағытымен ұшып жатыр)<br>Боран кезінде неліктен күртік қар пайда болады? (қатты желдің әсерінен араласып ұшқан қарлар, алдында кездескен кедергінің әсерінен бір жерге жиналады, сондықтан күртік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | орман көлеңкесінде)<br>• Суықторғайлар бізге қай уақытта ұшып келеді? (алғашқы аяз түскенде)<br>• Суықторғайлардың балапандары қай уақытта көрінеді? (мамыр айында)<br>• Суықторғайдың ысқырығы (дыбысы) ненің дыбысына ұқсайды? (флейта аспабының дыбысына-ұян, мұңды)<br>• Қандай құстар қыстан қорықпайды? (суықторғай, сарышымшық, сарнауық торғай)<br>• Суықторғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктер дәндерімен)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Құстар ізін қарау. Оларды қарға мен жануарлар (мысық, ит) іздерімен салыстыру. Қандай айырмашылығы бар?<br>**Еңбек**<br>Ойын алаңын қардан тазалау.<br>*Мақсаты:* еңбексүйгіштікке тәрбиелеу<br>**Қимылды ойын**<br>«Ұшты-ұшты».<br>*Мақсаты:*аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу<br>**Жаттығу ойындары** «Қапшықтағы жемді жеткіз».<br>*Мақсаты:* тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру | қар пайда болады)<br>Қалай ойлайсыңдар, боран болғаны жақсы ма, әлде жаман ба? (ағаш түптері жалаңаштанып қалуы, содан үсікке ұшырауы мүмкін, жиналған қарға малтығып, жүру қиындайды)<br>**Зерттеу жұмысы**<br>Келесі күні ауланы қарау. Түбі ашылып қалған ағаш түптерін іздеп табу.<br>**Еңбек**<br>Бораннан соң ашылып қалған ағаш түптеріне қар үю.<br>*Мақсаты:*Бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын** «Желдиірмен».<br>*Мақсаты*: ойын мазмұнына сай қимылдар жасау.<br>**Жаттығу ойындары** Қимылдарды дамыту.<br>*Мақсаты: секіру техникаларын дамыту (барлық түрінен).* |
| **Серуеннен оралу** | | | | Балалармен серуен туралы қысқаша пікірлесу<br>"Серуенде не қызықты болды?"<br>"Қандай ойындар ойнадыңдар?"<br>"Не байқадыңдар?" | Балалармен серуен туралы қысқаша пікірлесу:<br>"Серуенде не қызықты болды?"<br>"Қандай ойындар ойнадыңдар?"<br>"Не байқадыңдар?" |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | | "Не артық?" ойыны (заттар арасындағы артық элементті табу).<br>"Түстер мен пішіндерді тап" ойыны.<br>Әлім, Арнұр | Қағаздан аппликация жасау.<br>Саусақпен сурет салу.<br>Айлин, Ернар |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын,** | | | | Танымдық іс-әрекет: | Эмоцияларды тану және түсіну |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)*** | | | | Эксперименттер:<br>Су мен мұздың қасиеттерін зерттеу.<br>Судың температурасын бақылау (ыстық, суық, мұз).<br>Түрлі заттардың суда батуы/батпауы. | Мақсаты: Балаларға өз эмоцияларын тануға, оларды дұрыс жеткізуге және басқа адамдардың эмоцияларын түсінуге көмектесу.<br>Іс-әрекет мысалдары:<br>"Суретте эмоцияны тап": Балаларға адамның әртүрлі эмоцияларын бейнелейтін суреттерді көрсету. Мысалы, қуаныш, реніш, қорқыныш, таңғалу. Сұрақтар қою: "Бұл адам не сезініп тұр?"<br><br>"Эмоцияны бейнеле": Балаларға әртүрлі эмоцияларды мимикамен және қимылмен көрсету ұсынылады (мысалы, "Қуанған кезде қалай көрінесің?").<br>"Менің көңіл-күйім қандай?": Балалар өздерінің ағымдағы көңіл-күйін сөзбен немесе сурет арқылы жеткізеді. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | | | **Өнегелі 15минут**<br>**Ата-аналармен әңгіме:•**<br>Бала тәрбиесіндегі негізгі қағидалар:<br>Сүйіспеншілік: Баланың өзін жақсы көретінін сезінуі маңызды.<br>Тыңдай білу: Баланың ойын, сезімін тыңдау – оның өзіне деген сенімін арттырады.<br>Шекараларды белгілеу: Баланың мінез-құлқын бағыттап, дұрыс пен бұрысты түсіндіру.<br>Мақтау мен мадақтау: Баланың кішкентай жетістігін де бағалау оны ынталандырады.<br>Сабыр мен шыдамдылық: Қателіктері үшін жазалаудан гөрі, түсіндіру арқылы тәрбиелеу. | **Өнегелі 15минут**<br>**Ата-аналармен әңгіме:•**<br>Эмоцияны тану және басқару дағдыларын қалыптастыру.<br>"Балаға өз эмоциясын жеткізуге мүмкіндік беріңіз. Қуанса – бірге қуанныз, ренжісе – оны түсінуге тырысыңыз."<br>Қарым-қатынас жасауды үйрету:<br>Сыпайылық сөздерін қолдану.<br>Топта немесе отбасында бір-біріне көмектесу.<br>Қиындықтарды шешуде қолдау көрсету.<br><br>"Ата-ананың міндеті – қиындық туындағанда баласына бағыт беріп, қолдау көрсету, бірақ оның орнына шешім қабылдамау." |